**«Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау**

| | |
|---|---|
| **Мемлекеттік мекеме** | «Дарынды ер балаларға арналған облытық қазақ-түрік лицей-интеранты» (pavlodarboysktl.edupage.org) |
| **Қызмет алушылар** | Жеке тұлғалар |
| **Қызмет көрсететін орын** | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі:<br>- Павлодар облысы білім беру басқармасы |
| **Қызмет құны** | Тегін |
| **Қызмет көрсету мерзімі** | I кезең – білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері аудандық және қалалық білім бөлімдеріне құжаттар топтамасын тапсырған кезде – жыл сайын 1 сәуірге дейін;<br>II кезең – аудандық және қалалық білім бөлімдерінің өкілдері алдыңғы кезеңде таңдап алынған құжаттар топтамасын облыстық білім басқармаларына тапсырған кезде – 1 мамырға дейін;<br>III кезең – облыстық білім басқармалары, Республикалық мектептер өкілдері Министрлікке құжаттарды тапсырған кезде – 30 тамызға дейін.<br>Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.<br>Қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут. |
| **«Электронды үкімет» порталында қызмет көрсету** | Жоқ |
| **Мемлекеттік мекеме арқылы қызмет көрсету** | 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;<br>2) білім басқармаларының басшылары растаған Конкурс қатысушысына берілген ұсыным;<br>3) жұмыс орны растаған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы;<br>4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;<br>5) педагог портфолиосы;<br>6) конкурсқа қатысушының өзінің педагогикалық қызметі туралы талдау есебі;<br>7) электрондық тасымалдағыштағы (компакт-дискідегі) сабақтар;<br>8) эссе;<br>9) Конкурсқа қатысушының карточкалық базадағы 20 таңбалы қолданыстағы ағымдағы шоты туралы хабарлама. |
| **Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі** | Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдау нөмірін, күні мен уақытын көрсете отырып, барлық құжаттарды алғаны туралы қолхатын беру |